




ШЖҚ РМҚ Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

**САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ**

**ЕРЕЖЕ**

**БЕКІТЕМІН**

Х.Досмұхамедов атындағы  
Атырау мемлекеттік  
университетінің ректоры  
А.Галтенов  
« 14 » сездетуісан 2018ж.



**СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

СМЖ № 018

Атырау 2018ж.

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының Кеңесі туралы Ереже	2 - бет, 9 беттен тұрады

### Алғы сөз

1. **ӘЗІРЛЕГЕН:** Ғылым департаменті
2. **ЕНГІЗГЕН:** Сапа менеджмент жүйесі қызметі
3. **ӘЗІРЛЕУШІ:**  
А.Мусаева - Ғылым департаментінің директоры
4. « 14 » желтоқсан 2018ж. **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**
5. **ЕНГІЗІЛДІ: ЕКІНШІ БАСЫЛЫМ.**
6. Құжатты **ҚАЙТА ҚАРАУ** мерзімділігі 3 жылда 1 рет.  
Құжатты кейінгі **ТЕКСЕРУ** – 2021жыл.

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының Кеңесі туралы Ереже	3 - бет, 9 беттен тұрады

### Мазмұны

1	Жалпы ереже	4
2	Қысқартулар	4
3	Негізгі міндеті	4
4	Негізгі қызметі	5
5	Ұйымдық құрылымы	5
6	Өзге құрылымдармен байланыс	5
7	Құқығы мен жауапкершілігі	5
8	Нормативтік сілтемелер	6
9	Өзгертулер	6
10	Келісім алу, сақтау және тарату	6
11	Келісім парағы	7
12	Танысу парағы	8
13	Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы	9

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының Кеңесі туралы Ереже	4 - бет, 9 беттен тұрады

## 1 Жалпы ереже

- 1.1 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары ғылыми-техникалық және мәдени прогрестің ең жаңа жетістіктерін іс жүзінде қолдануға қабілетті жоғары білімді мамандарды даярлау мен оқыту сапасын арттырудың маңызды құралдарының бірі болып табылады.
- 1.2 Студенттердің ғылыми зерттеу жұмысының Кеңесі университеттің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және ғылым департаменті директоры, факультет декандары мен кафедра меңгерушілерімен байланыста жұмыс істейді.
- 1.3 СҒЗЖ-ң Кеңесі - студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда университеттің барлық құрылымдарының қызметін үйлестіретін басқарушы орган болып табылады. СҒЗЖ оқу үдерісінің жалғасы, оның ажырамас бөлігі болып табылады. Факультеттерде, шығармашылық студенттік ұжымдар, студенттік ғылыми – зерттеу үйірмелері түрінде ұйымдастырылады. Университеттің барлық кафедралары кем дегенде бір үйірменің қызмет етуін қамтамасыз етуі керек.
- 1.4 Университеттің СҒЗЖ жөніндегі Кеңесі білім беру үдерісінде және одан тыс жерлердегі студенттердің ғылыми жұмыстарының барлық түрлерін дамыту арқылы ғылым мен техниканың жаңа жетістіктеріне ие жоғары білікті мамандарды даярлау сапасын арттыру мақсатында құрылады.
- 1.5 СҒЗЖ Кеңесі дербес оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарына қабілетті мамандарды даярлаудың кәсіптік, ақпараттық, гуманитарлық, экологиялық, экономикалық және құқықтық деңгейін арттыруға ықпал етеді.
- 1.6 СҒЗЖ жөніндегі Кеңес университет ректорының бұйрығымен ұйымдастырылады.

## 2 Қысқартулар

Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

ҒЗЖ – Ғылыми – зерттеу жұмыстары

СҒЗЖ – Студенттердің ғылыми – зерттеу жұмыстары;

СМЖ – Сапа менеджмент жүйесі қызметі;

ПОҚ – Профессор – оқытушылар құрамы;

ОЖП – Оқу ісі жөніндегі проректор;

ҒЖП – Ғылым жөніндегі проректор;

ҒД – Ғылым департаменті;

ҚР – Қазақстан Республикасы;

ҚББ – Құрылымдық бөлім басшысы;

## 3 Негізгі міндеті

- 3.1 ҒЗЖ деген қызығушылықтарын арттырып, білімінің кеңеюіне, тереңдетілуіне және оны жүргізудегі қабілетіне ықпал етіп, студенттерді ғылыми жұмысқа тартуға, университеттің басқа да құрылымдық бөлімшелерінің және білім беру –ғылыми-зерттеу орталықтары мен кафедраларының қызметінің белсенділігін арттыру;
- 3.2 СҒЗЖ-ны басқарудағы университеттің жетекші ғалымдарын кеңінен тарту;
- 3.3 Факультеттерде, кафедраларда СҒЗЖ ұйымдастырылуын бақылау;
- 3.4 Өндірістік-технологиялық салада студенттердің инновациялық белсенділігі дағдыларын қалыптастыру;
- 3.5 Республиканың, аймақтың, облыстың түрлі қызметтік салаларындағы ҒЗЖ өзекті проблемалары бар және зерттеу нәтижелерін енгізуге үлес қосатын студенттер арасында ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру;
- 3.6 Кәсіпкерлік және шығармашылық-ұйымдастырушылық қызметтегі студенттер

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының Кеңесі туралы Ереже	5 - бет, 9 беттен тұрады

арасында дағдыларды қалыптастыру;

- 3.7 СҒЗЖ дәстүрлі және жаңа нысандарды іздеу, дамыту;
- 3.8 СҒЗЖ дамытуға ықпал ететін конференциялар, олимпиадалар, көрмелер, семинарлар және басқа да іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
- 3.9 Университеттің ғылыми басылымдарында және одан тыс жерлерде үздік студенттік жұмыстарды жариялауға жәрдемдесу;

#### **4 Негізгі қызметі**

Университеттің СҒЗЖ жөніндегі Кеңесі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

- 4.1 ГЖП бекіткен жоспар бойынша жұмыс жасайды;
- 4.2 Факультеттерде СҒЗЖ ұйымдастыру сұрақтары бойынша ұсыныстар береді;
- 4.3 СҒЗЖ ұйымдастырудың оң тәжірибесін зерттейді, талдайды, қорытындылайды және оны университеттің факультеттерінде таратуға ықпал етеді;
- 4.4 Факультет декандарымен бірге студенттік ғылыми конференциялардың ұйымдастыру комитеттерінің құрамын айқындайды, олардың іс-әрекеттеріне тікелей қатысады;
- 4.5 Мамандықтар бойынша пән олимпиадаларын ұйымдастырады;
- 4.6 Республикалық СҒЗЖ конкурсына студенттердің жұмыстарын іріктеуге қатысады;
- 4.7 СҒЗЖ бойынша есептер дайындауда факультет декандарына көмек көрсетеді.

#### **5 Ұйымдық құрылымы**

- 5.1 СҒЗЖ Кеңесіне: СҒЗЖ Кеңесінің төрағасы, СҒЗЖ ұйымдастырушы маман, СҒЗЖ жауапты кафедралардан оқытушылар, студенттер.
- 5.2 СҒЗЖ бойынша Кеңесті төраға басқарады және ҒД директорына тікелей бағынады.

#### **6 Өзге құрылымдармен байланыс**

- 6.1 СҒЗЖ жөніндегі Кеңес өз жұмысында Кеңес және бөлімдермен: Ғылыми Кеңес, ҒД, оқу-ғылыми-зерттеу орталықтары, жас ғалымдар Кеңесі және университеттің барлық кафедраларымен тығыз байланыста болады.

#### **7 Құқығы мен жауапкершілігі:**

##### **7.1 Құқығы:**

- 7.1.1 Факультеттерде іске асыруға міндетті өз құзыретіне жататын шешімдерді қабылдауға;
- 7.1.2 СҒЗЖ ұйымдастыруда факультеттерді басқаруда ұсыныстар бойынша шешімдер қабылдауға;
- 7.1.3 Ғылыми жетекшілер мен жекелеген студенттердің ғылыми-зерттеу және ғылыми-ұйымдастыру жұмыстарын жүргізудегі жетістіктері үшін ынталандыруларға ұсынуға (алғыс жариялайды);
- 7.1.4 «Үздік маман» атағына үміткер студенттерге ұсыныс беруге.

##### **7.2 Жауапкершілігі:**

- 7.2.1 Кеңес Төрағасы осы Ережеге сәйкесті Кеңес туралы міндеттер мен функциялардың сапалы, уақтылы орындалып және іске асырылуына толықтай жауап береді.
- 7.2.2 СҒЗЖ Кеңесінің Төрағасы мыналарға жауапты:
  - 7.2.2.1 Студенттерді сабақтан тыс ғылыми қызметінің барлық түрлеріне жалпы басшылықты жүзеге асыруға;
  - 7.2.2.2 СҒЗЖ бойынша Кеңестің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыруға;
  - 7.2.2.3 СҒЗЖ бойынша Кеңес қабылдаған шешімдерді орындауға;
  - 7.2.2.4 Болашақ жылдық жоспарларды, олимпиадалар мен байқаулар бойынша нормативтік құжаттарды әзірлеу, белсенді студенттер мен ғылыми жетекшілердің СҒЗЖ бойынша Кеңес мүшелерімен бірге көтермелеу және

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының Кеңесі туралы Ереже	6 - бет, 9 беттен тұрады

алғысқа тапсырыстар әзірлеу;

7.2.2.5 Студенттердің ғылыми жұмыстарға кеңінен қатысуына факультеттердегі СҒЗЖ жауапты тұлғалар арқылы қамтамасыз ету.

## **8 Нормативтік сілтемелер**

8.1 «Білім беру туралы» ҚР Заңы.

8.2 ҚР «Ғылым туралы» Заңы;

8.3 Университет Жарғысы;

8.4 Ішкі нормативтік құжаттар.

## **9 Өзгертулер**

9.1 Ережеге енгізілетін өзгерістер ОІЖП рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолының қойылуымен құжатталып, бекітіледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Ережелерді жасау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі.

9.2 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ҚББ жауапкершілікте болады.

9.3 Ережені ҚББ үш жылда 1 рет қайта қарап отырады.

9.4 **Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз бола алады:**

- заңдық күші бар нормативті-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен өзгерістердің болуы;

- ректор бұйрықтары;

- құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі;

- құрылымдық бөлімдердің қайта құрылуы;

- ҚББ мен ІЖП-дің рұқсат етілген, өзгертулердің себептері көрсетілген қызметтік хаты.

9.5 Мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Ереже ауыстырылады.

9.6 Ереже ауыстырылған жағдайда өз күшін жойған Ережелерді университеттегі барлық даналары алынады және жаңасымен ауыстырылады.

9.7 Ескірген, күшін жойған Ережелерді жинап алуға және жаңасымен ауыстыруға ҚББ және СМЖ қызметі жауапты.

## **10 Келісім алу, сақтау және тарату**

10.1 Қазақстан Республикасы нормативті-құқықтық актілері талаптарына сай жасалуын СМЖ қызметі жүзеге асырады.

10.2 Ережені ҚББ дайындап, жасайды.

10.3 Ереже:

- ОІЖП;

- СМЖ қызметімен;

- заң кеңесшісімен келісіледі.

10.4 Ережені ректор бекітеді және оның күшін жоюына дейін қолданыста болады.


10.5 Ереженің түпнұсқасы СМЖ қызметінде сақталады.

10.6 Ереженің тіркеуге алынған жұмыс даналарын тиісті бөлімдерге жеткізуді СМЖ қызметі жүргізеді.

10.7 Құрылымдық бөлімдегі Ережелердің тіркеуге алынған жұмыс даналарын сақтауға ҚББ жауапты.

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының Кеңесі туралы Ереже	7 - бет, 9 беттен тұрады

### КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ

Лауазымы	Т.А.Ә.	Келісу күні	Жеке қолы
1	2	3	4
Оқу ісі жөніндегі проректор	Джарасова Г.С.	<u>12.12.2018</u> ж.	 (ҚОЛЫ)
Ғылым жөніндегі проректор	Идрисов С.Н.	<u>12.12.2018</u> ж.	 (ҚОЛЫ)
Ғылым департаментінің директоры	Мусаева А.А.	<u>12.12.2018</u> ж.	 (ҚОЛЫ)
Сапа менеджменті жүйесі қызметінің бастығы	Балтурганова С.К.	<u>12.12.2018</u> ж.	 (ҚОЛЫ)
Заң кеңесшісі	Губайдуллин М.Г.	<u>12.12.2018</u> ж.	 (ҚОЛЫ)



